

Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп»

2022-2023 оқу жылындағы мектептегі сынып сағаттарының жүзеге асырылуы

Биылғы оқу жылында сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз етілді.

Тәрбие жоспарлары зерделенді, сынып жетекшілерімен әңгімелесу өткізілді. Сынып жетекшілеріне жоспар құрудың жалпы құрылымы ұсынылды, тапсырмалар әр тоқсанға жұмыс жоспарын жасау кезінде нақтыланады.

Сонымен қатар, сынып жетекшілерінің ДТЖО жоспарында бар:

- Нормативтік-құқықтық база.
- Қауіпсіздік техникасы.
- Сыныптың әлеуметтік паспорты.
- Өткен оқу жылына талдау.
- Мақсат қою.
- Сынып сипаттамасы
- Өзін-өзі басқару құрылымы.
- Қауіпсіздік сағаттары және тақырыптық сынып сағаттары.
- Ата-аналармен жұмыс.
- Қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыс.
- Оқушыларды сыныптан тыс жұмыстармен қамту.

Мектебіміздің тәрбие жұмысының мақсаты:

Ұлттық сана-сезімді, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор бойына игі қасиеттер қалыптастыратын азаматтар тәрбиелеу;

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- балаларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;
- балалардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағытына және Ұлттық білім академиясының академиясының «Сынып жетекші жұмысының әдістемесі» әдістемелік ұсыныстар бойынша 8 басым бағыт негізінде сынып жетекшілердің жылдық жұмыс жоспары жасакталып, бекітілді, төмендегідей аталған 8 бағыттар бойынша тәрбие сағаттары жүргізілді.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

- 1) Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
- 2) Рухани-адамгершілік тәрбие;
- 3) Ұлттық тәрбие;
- 4) Отбасылық тәрбие;


- 5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- 6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- 7) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
- 8) Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Сыныпта өткен тәрбие шараларының мазмұнынан оқушылардың аса ықыласпен қабылдағаны, ризашылықтары, ұмтылыстары, жаңа ой-пікір қалыптасуы байқалды. Әрбір өткен сынып сағаттарыңыз саналы тәртіп пен еңбекке деген жауапкершілікті қалыптастыруда ықпал етеді. Сынып жиналысы, қыздар жиналысы, ұлдар жиналысы өткізілді. Сыныптағы тазалық жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшілерге атқаратын қызметтері, қандай мәліметтерді білуі туралы бағыт бағдар, әдістемелер ескертілді.

- оқушының денсаулығы;
- отбасындағы тұрмыс жағдайы;
- ішкі жан дүниесі, рухани байлығы;
- мінез –құлқы, темпераменті, қабілеті, еркі, зейіні, т.б.
- ата-ана, үлкендермен, құрбыларымен қарым –қатынасы

ДТІЖО:  М.А.Аманкулова

 Д.К.Айдарова